| **әрекет.** | мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Д.О.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Шарты:** Суретке қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.<br>**Мысалы:** жануарлар, ыдыстар, ойыншықтар, оқу-құралдары, жәндіктер, киімдер, жемістер, көкөністер.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Д.О.** «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше ойыншықтарды бөлменің әр жеріне | дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз **б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Д.О.** «Ертегілер еліне саяхат»<br>**«Тынымсыз Тіл»** (ертегі).<br>-Ауыз деген қуыста Тынымсыз Тіл өмір сүріпті. Ол аппақ тістерді қатарластырып қойып, өзіне дуал, ал екі еріннен ашылып-жабылып тұратын есік жасап алыпты. Ауыз арқылы дыбыстар жиі-жиі сыртқа шығып тұрады екен. Кейбір дауысы бар дыбыстар ылғи көңілді ән салып жүреді. Осы дыбыстар өткенде Тынымсыз Тіл тып-тыныш ән тыңдап жатады екен. **Мысалы:** ааа, ооо, еее, әәә (балалар бірге айтады).<br>Ал кейбір дыбыстар ән салуды ұнатпайтын болыпты. Олардың дауысы жоқ екен. Ән салмай тып-тыныш өтіп бара жатқан дыбыстарға ренжеген Тынымсыз Тіл оларға ылғи кедергі жасауға тырысады. Дауысы жоқ дыбыстарды сыртқа жібермеу үшін біресе таңдайға жабысып тұрып алады, біресе тіске тақалып алады, кейде | дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Д.О.** «Қуыршақтардың есімі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді.<br>-Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге **«Анар»** деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: **а-а-а-а.**<br>-Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>-А дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді?<br>-А дыбысы қандай дыбыс екен?<br>Мұғалім келесі қуыршақты балаларға көрсетеді.<br>-Бұл қуыршақтың аты-**«Мұрат»**<br>Мұғалім балаларға көмектесе отырып «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аударып, қандай дыбыс екенін ажыратады.<br>**Ойлан, тап.**<br>Күлімдеген көзіңнен,<br>Күн мейірімі сезілген.<br>Бұл жалғанда балаға,<br>Жақын жан жоқ өзіңнен.<br>-Өлеңді тыңда. | дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз **б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Д.О.** «Дыбысты дұрыс айта біл»<br>**Ойынның мақсаты:** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>**б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л**<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Бұзау:<br>Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла.<br>Даусын оның қайтала:<br>Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.** | дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар **қызыл** дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе **көк** дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратады, хатқалтаға ажыратып салады.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:**<br>**Міндеттері:** Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын біріктіретінін түсіндіру.<br>**ДО.** «Біреу-көп»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тығып қояды.<br>Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың; солға-бұрылсаң машинаны табасың; алға жүрсең-допты табасың.<br>Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барып, нені тапқың келеді?<br>**Д.О.** «Жұлдызды аспан әлемі»<br><br>**Ойынның мақсаты:** Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Ойын барысы:** Зымыранның жолын анықта.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Өрік, алма,<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қауын, қарбыз,<br>Қияр, сәбіз<br>Дүкендерге түседі.<br>Астық пісіп,<br>Орақ түсіп,<br>Қырман дәнге толады.<br>Айтыңдаршы бөбектерім, | тіпті еріннен жасалған есігін жауып алады екен.<br>**Мысалы:** қ, т, н, м.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Тынымсыз Тіл неліктен кейбір дыбыстарды ұнатып, ал кейбір дыбыстарды ұнатпайды екен?<br>-Дауысы бар әнші дыбыстарды айтыңдаршы.<br>-Даусы жоқ ән айтпайтын қандай дыбыстар бар?<br>**Д.О.** «Дыбысты дұрыс айта біл»<br>**Ойынның мақсаты:** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>**б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л**<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Қоғамдық орында мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі балабақша тобындағы міндеттері туралы түсінікті кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Адамгершілік әліппесі.**<br>**Д.О.** «Жақсы жаман» | -Кім туралы айтылған?<br>-Осы сөз қандай дыбыстан басталады?<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын Бағдарлай алуын білуі.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.<br>**Мысалы:** қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б. | **Міндеттері:** Қоғамдық орында мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі балабақша тобындағы міндеттері туралы түсінікті кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Сөздік ойын:** «Әдепті сөздер шеңбері»<br>**Ойынның мақсаты:** Сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады<br>**Сөздік ойын:** «Әдептілік әдемілік»<br>**Мақсаты:** Балаларды адами қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Барысы:** «Мен әдепті баламын»<br>Саябақта.....<br>Асханада......<br>Автобуста......<br>Кітапханада......<br>Дүкенде......<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Нағыз адам боламын!<br>Бүгін титтей баламын,<br>Әлі ақ жігіт боламын.<br>Сонда мүмкім мен ғалым, | «Біреу және көп» ұғымын қайталау.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Міндеттері:** Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылар, үшбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге үйрету. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланған?<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл қай кезде болады?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз екенін қайдан білдіңдер?<br>-Күздегі адамдар еңбегінен нені білесіңдер?<br>-Күзде қандай жемістер мен көкөністер піседі?<br>-Жемістер мен көкөністерді атаңдар?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>**ДО.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше ертегілер бейнеленген суреттер ілінеді. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңа ертегімен таныстыру. Балаларды бір-бірін сыйлауға, өзара тату болуға, қолындағы барын бөлісіп жеуге, әділдікке баулу. Жемістерді күтіп-баптауға, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**«Алма»** ертегісін оқу.<br>-Жылдың қай мезгілі еді?<br>-Жабайы алма қайда қалды?<br>-Алманы кім көрді? | **Ойынның мақсаты:** Балаларды жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі ажыратады, әңгімелейді.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>-Жақсы іс-деген не?<br>-«Жаман»-дегенде ойларыңа не түседі?<br>**Адамгершілік қасиет**-әр уақытта жақсылық жасау. Мейірімді, қайырымды адам қай кезде де жақсылық жасауға дайын тұрады. Жақсы адамды айналасындағылар жақсы көреді, сыйлайды. Оның достары көп болады.<br>.Жақсы болу өзіңнен.<br>Жаман болу өзіңнен.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>Жамандық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>-Жақсы адам болу үшін не істеу керек?<br>-Адамдар неліктен «жамандықтан» қашады?<br>**Еркін ойын:**<br>«Кел ойнайық»<br>**Ойын барысы:** Өтірік айту жаман қасиет дегенде қол соғайық. Жақсы адам болғыларың келсе орнымыздан тұрайық. | **3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**«Тапқыр болсаң шешіп көр»**<br>Қабат-қабат қатталған,<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Парағы бар сөйлейтін,<br>Ол қазына өлмейтін.<br>(кітап).<br>Ұсынған қойнынан,<br>Білімнің үлесін.<br>Шықпайды ойыңнан,<br>Досың ғой білесің.<br>(кітап).<br>**«Ертегілер елінде»**<br>Алғашқы кітап жұмсақ балшықтан жасалды. Жұмсақ балшыққа үшкір нәрсемен жазып, оны кептіріп, содан соң күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған. Бамбук деп аталатын өсімдіктен таяқшалар әзірленіп те жазған. Ежелгі Египетте кітапты тасқа қашап жазған. Кейіннен жануарлардың терісінен пергамент деп аталатын материалға жазған. Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз он сегізінші ғасырда пайда болған. Кітаптың шығу тарихы мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа тастаған.<br>**Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген | Әлде шофер болармын.<br>Әлде, әлде білсеңдер,<br>Жалғыз ғана талабым:<br>Ер жеткенде, ел сенер,<br>Нағыз адам боламын!<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Д.О.** «Ормандағы дауыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Орманда нелер мекендейді? Ормандағы дауыстарды ажырат. Дыбыстарды ым-ишарамен бинелеп, дауыс ырғағымен айт.<br>«Түк-түк-түк!», «Ү-ү-ү!», «Қарқ-қарқ!», «Тырау-тырау!», «Бақ-бақ-бақ!», «Барық-барқ!»<br>**Д.О.** «Дыбысты дұрыс айта біл»<br>**Ойынның мақсаты:** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>**«Ж»** дыбысын буын ішінде келтіру.<br>Жа-жа-жа-жалау,<br>Жо-жо-жо-жол. | ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішіннің жоқ екенін айтады.<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Пішіндер»<br>(жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылар, үшбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу).<br>**Сергіту сәті:** «Пішіндер әні»<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қарада,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер болып зырласын.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Қоян Қарғаға не деді?<br>-Қарға не істеді?<br>-Кірпі нені алып кетті?<br>-Үшеуі қайда барды?<br>-Аю не деп жауап берді?<br>-Қандай мақал айтты?<br>**«Береке басы бірлікте»** балалар жауап береді, мақалды жатқа айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Алма баққа барайық,<br>Алма теріп алайық.<br>Ең үлкенін алманың,<br>Анамызға сыйлайық.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға «Алма» ертегісіндегі кейіпкерлердің даусын және қимыл-қозғалысын салуын ұсынады.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта | Жалқаулық жаман қасиет дегендерің отырайық.<br>**Еркін ойын:**<br>«Жалғастыр»<br>**«Не істеуге болмайды?»**<br>Үлкендердің алдын...(кесіп өтуге).<br>Құстарды...(атуға болмайды).<br>Достарыңды...(ренжетуге болмайды).<br>Өтірік, жаман сөз...(айтуға болмайды).<br>**«Не істеу керек?»**<br>Үлкенді...(сыйлау керек).<br>Ата ананың тілін...(алу керек).<br>Ұстаздарды...(қадірлеу керек).<br>Кішілерге...(қамқор болу керек).<br>Тәртіпті...(бала болу керек).<br>Оқу құралдарды...(ұқыпты ұстау керек).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Нағыз адам боламын!<br>Бүгін титтей баламын,<br>Әлі ақ жігіт боламын.<br>Сонда мүмкім мен ғалым,<br>Әлде шофер болармын.<br>Әлде, әлде білсеңдер,<br>Жалғыз ғана талабым:<br>Ер жеткенде, ел сенер,<br>Нағыз адам боламын!<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ | қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>**1001-мақал.**<br>.Кітап-асыл қазына.<br>.Білім кілті-кітапта.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»**<br>Қол-қол-қол-мынау қолтырауын. (балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>Мо-мот-мот бұл-бегемот. (ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді). | Жу-жу-жу-жусан.<br>Жы-жы-жы-жылан.<br>Жи-жи-жи-жиек,<br>Же-же-же-жер.<br>Жә-жә-жә-жәшік.<br>**«Ш»** дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар:<br>Ша-ша-ша-шана.<br>Шу-шу-шу-шуда.<br>Шы-шы-шы-шыны.<br>Ши-ши-ши-шие.<br>Шө-шө-шө-шөп.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Ән айту:** «Кап-кап, Тук-тук» Балаларға арналған ән. (үнтаспа)<br>**Әуенді қимыл-қозғалыс:**<br>**«Кел билейік»**<br>Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би | шеңбер бойымен жүру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>«Тыңда, орында»<br>**Шарты:** Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді. Балалар сол қимылды ретімен қайталайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұсталып қалма!»<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Педагогтың белгісімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, содан соң шеңберден сыртқа секіреді. Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. ұсталған ойыншы ойыннан шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Негізгі кезең.**<br>.Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>.Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру;<br>.Қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру;<br>.Жылдамдықты өзгерте отырып, бір тізбекпен жүгіру.<br>**Жаттығу жасау:**<br>«Кел билейік, балақай!»<br>**Қимылды ойын:**«Паровоз»<br>**Ойынның мақсаты:** ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады. Онда **«вагондар»** бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады.<br>**Ойынның шарты:** Балалар бір-бірінің қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет етуі керек.<br>**Қимылды ойын.** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап: | дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>**«Сағат»** Денені жан-жаққа ию.<br>Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару.<br>**«Доптар ұшады»** Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт.<br>**«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту»<br>Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф- ф-ф»-деп айту.<br>**«Машинаның дөңгелегі жарылды»** «Ш-ш-ш»-деп айт.<br>**Бірге айтайық.**<br>На-на-на,<br>Сырғанайды шана.<br>Ой-ой -ой,<br>Қорада тұр қой.<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырлдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұландайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбандайды аю.<br>Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа.<br>Топ-топ-топ,<br>Теуіп қалдым доп.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** | Ке-ке-ке-мойны ұзын-керік. (керік сияқты мойынын созады).<br>Май-май-май-маймылдарды қара. Пай-пай-пай (секіріп жүрген маймылдарды салады).<br>**Қимылды ойын:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады:<br>«Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады. | элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі-көңіл күймен орындауға талпындыру.<br>**Д.О.** «Қай аспап жоқ?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше аспаптардың суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады. Педагог бір аспапты жасырады. Балалар көздерін ашқанда қай аспаптың жоқ екенін табады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Қоян Қарғаға не деді?<br>-Қарға не істеді?<br>-Кірпі нені алып кетті?<br>-Үшеуі қайда барды?<br>-Аю не деп жауап берді?<br>-Қандай мақал айтты?<br>**«Береке басы бірлікте»** балалар жауап береді, мақалды жатқа айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Алма баққа барайық,<br>Алма теріп алайық.<br>Ең үлкенін алманың,<br>Анамызға сыйлайық.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға «Алма» ертегісіндегі кейіпкерлердің даусын және қимыл-қозғалысын салуын ұсынады.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта | Жалқаулық жаман қасиет дегендерің отырайық.<br>**Еркін ойын:**<br>«Жалғастыр»<br>**«Не істеуге болмайды?»**<br>Үлкендердің алдын...(кесіп өтуге).<br>Құстарды...(атуға болмайды).<br>Достарыңды...(ренжетуге болмайды).<br>Өтірік, жаман сөз...(айтуға болмайды).<br>**«Не істеу керек?»**<br>Үлкенді...(сыйлау керек).<br>Ата ананың тілін...(алу керек).<br>Ұстаздарды...(қадірлеу керек).<br>Кішілерге...(қамқор болу керек).<br>Тәртіпті...(бала болу керек).<br>Оқу құралдарды...(ұқыпты ұстау керек).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Нағыз адам боламын!<br>Бүгін титтей баламын,<br>Әлі ақ жігіт боламын.<br>Сонда мүмкім мен ғалым,<br>Әлде шофер болармын.<br>Әлде, әлде білсеңдер,<br>Жалғыз ғана талабым:<br>Ер жеткенде, ел сенер,<br>Нағыз адам боламын!<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ | қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>**1001-мақал.**<br>.Кітап-асыл қазына.<br>.Білім кілті-кітапта.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»**<br>Қол-қол-қол-мынау қолтырауын. (балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>Мо-мот-мот бұл-бегемот. (ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді). | Жу-жу-жу-жусан.<br>Жы-жы-жы-жылан.<br>Жи-жи-жи-жиек,<br>Же-же-же-жер.<br>Жә-жә-жә-жәшік.<br>**«Ш»** дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар:<br>Ша-ша-ша-шана.<br>Шу-шу-шу-шуда.<br>Шы-шы-шы-шыны.<br>Ши-ши-ши-шие.<br>Шө-шө-шө-шөп.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Ән айту:** «Кап-кап, Тук-тук» Балаларға арналған ән. (үнтаспа)<br>**Әуенді қимыл-қозғалыс:**<br>**«Кел билейік»**<br>Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би | шеңбер бойымен жүру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>«Тыңда, орында»<br>**Шарты:** Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді. Балалар сол қимылды ретімен қайталайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұсталып қалма!»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Педагогтың белгісімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, содан соң шеңберден сыртқа секіреді. Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. ұсталған ойыншы ойыннан шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әнге сәйкес қол соғамыз. **Ән тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» «Күз» Б.Ерзакович. -Ән не туралы? -Ән не туралы? **Ән айту:** «Күз тамаша» «Жапырақ» З.Сисенбаева. **Әуенді қимыл-қозғалыс:** «Жапырақтар биі» М.Раухвергер. | | | |
| **Серуенге дайындық.** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу.** | Серуен. №18. Ағаштарды бақылау. (қайың, үйеңкі, терек, шырша, қарағаш). | Серуен. №26 Шөптерді бақылау. | Серуен. №16. Құстарды бақылау. | Серуен №6 Жапырақтардың түсін бақылау | Серуен. №10 Күзгі өрмектің ұшуын бақылау. Жәндіктерді бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | **Амангелді Дәулеткелді** **1.Сауат ашу негіздері.** **Мақсаты:** Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Баланың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. **2.Математика негіздері.** Математикалық боямақ. **3.Көркем әдебиет.** **«Алма»** ертегісін еске түсіру, ертегіні айту. **Бірге жаттайық.** Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкенін алманың, Анамызға сыйлайық. | **Амангелді Дәулеткелді** **1.Сөйлеуді дамыту.** **Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт» **Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге дағдыландыру. **Ойын барысы:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз **б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л** дыбыстарды дұрыс, анық айту және осы дыбыстардан басталатын сөздерді айту. **2.Қоршаған ортамен таныстыру.** **Д.О.** «Жақсы жаман» **Ойынның мақсаты:** Балаларды жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі | **Амангелді Дәулеткелді** **1.Сауат ашу негіздері.** **Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.** Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр. **2.Математика негіздері.** **ДО.** «Біреу-көп» **Ойынның мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын қайталау. **Ойын барысы:** Бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады. **3.Көркем әдебиет.** **Д.О.** «Менің сүйікті ертегім» **Ойынның мақсаты:** Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:** Өзіне ұнаған ертегілерді атау. | **Амангелді Дәулеткелді** **1.Сөйлеуді дамыту.** **Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт» **Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге дағдыландыру. **Ойын барысы:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз **б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л** дыбыстарды дұрыс, анық айту және осы дыбыстардан басталатын сөздерді айту. **2.Қоршаған ортамен таныстыру.** **Д.О.** «Мен әдепті баламын» **Ойынның мақсаты:** Әдептілік туралы түсінік беру, әдепті бола білуге баулу. **Ойын барысы:** Сурет бойынша әңгімелеу. | **Амангелді Дәулеткелді** **1.Сауат ашу негіздері.** **Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.** Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр. **2.Математика негіздері.** **Д.О.** «Математикалық пазлдар» **Ойынның мақсаты:** Баланың логикалық ойлау қабілетін арттыру. **Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру. **3.Жапсыру.** «Ғажайып пішіндер» (пішіндерді кию). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі. | Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Қара суық тұрады,<br>Ызғарлы жел соғады.<br>Дәу қара құс көрінді,<br>Көзінің жасын төгеді.<br>Бұл қай кезде болады?<br>-Күз айларын атаңдар.<br>-Күзде ауа-райы қандай болады?<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>**Педагог:**<br>Міне қазір ән сабағы,<br>Барлығымыз ән саламыз! | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ажыратады, әңгімелейді.<br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>**«Сағат»** Денені жан-жаққа ию.<br>Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару.<br>**«Доптар ұшады»**<br>Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт.<br>**«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту»<br>Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф- ф-ф»-деп айту.<br>**«Машинаның дөңгелегі жарылды»** «Ш-ш-ш»-деп айт.<br>**4.Музыка.**<br>**Ән тыңдау.** «Жапырақ» З.Сисенбаева.<br>**Боямақ.** «Күзгі жапырақтар» | | **3.Қазақ тілі.**<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Баланың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті.** | Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әртүрлі балалар іс-әрекеті ойын түрінде жүзеге асыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |

Бекітемін: 

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

**Мектепалды** «0» А сыныбы.

**Балалардың жастары:** 5 жас.

**Жоспарлау күні:** 25.09.-29.09. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі. | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу.** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. | **Ән айту.** «Балдырғандар» Ш.Қалдаяқов.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | Күз туралы тақпақтар жаттау. | **Шығармашылық үзіліс.**<br>Сурет салу оңай ма?<br>Жұртқа өнерің ұнай ма?<br>Мұның бәрі түк емес,<br>Талаптыға алайда.<br>**Сурет салу.** «Жемістер» | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | №4 Таңғы жаттығу кешені. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойынның барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? | **Д.О.** «Денсаулық құпиялары»<br>**Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін! | **Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады. | **Шаттық шеңбері:**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді)<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық. | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Ауа-райы қандай?<br>-Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай? | | | | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар **қызыл** дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе **көк** дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратады, хатқалтаға ажыратып салады.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Д.О.** «Заттың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>**ДО.** «Қай зат неден жасалған?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді.<br>**Мысалы:**<br>Қарындаш-ағаштан | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:** А-болса:<br>**Балалар:** алма, алмұрт, автобус, асқабақ, ай, аққу.<br>**Д.О.** «Ормандағы дауыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Орманда нелер мекендейді?<br>Ормандағы дауыстарды ажырат. Дыбыстарды ым-ишарамен бинелеп, дауыс ырғағымен айт.<br>«Түк-түк-түк!», «Ү-ү-ү!», «Қарк-қарк!», «Тырау-тырау!», «Бақ-бақ-бақ!», «Барық-барк!» | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**ДО.** «Қай зат неден жасалған?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді.<br>**Мысалы:**<br>Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br><br>**2.Қоршаған ортамен** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Д.О.** «Үзік сызықтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:**<br>**Міндеттері:** Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. **Мысалы: «Қасқыр, түлкі, әтеш»** ертегісін еске түсіреді. Әтеш пен түлкінің дауысы төмен дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын біріктіретінін түсіндіру.<br>**ДО.** «Біреу-көп»<br>**Ойынның мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын қайталау.<br>**Ойын барысы:** Балаларға | жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Қоғамдық орында мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі балабақша тобындағы міндеттері туралы түсінікті кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Суретпен жұмыс.** «Жақсы деген немене, жаман деген немене» тақырыптарынан суреттер.<br>**Шарты:** Балалар суретке қарап жақсы іс пен жаман істі ажыратады. Себебін түсіндіреді.<br>**«Не деу керек?»**<br>-Ас алдында, ас ішіп болған соң не айту керек?<br>-Мектепке кеткелі жатқан кезде не айтасың:<br>-Түнгі ұйқыға жатар алдында отбасы мүшелеріне не айтасың?<br>-Таңертең тұрғанда қандай сөз айтар едің?<br>-Көшеде кездескен адамға не деу керек?<br>-Автобуста, көлікте үлкен адамдар түргеліп тұрса, не істер едің?<br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**Туыстық қарым-қатынасты (бауыр, немере, шөбере, ағайын, | **Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын біріктіретінін түсіндіру.<br>**Д.О.** «Жапырақтарды жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды түстері бойынша жерге түскен жапырақтарды жинап және қанша жапырақтар жинағанын айтып беруге үйрету. Түстерді ажырата білуге үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. (жасыл және сары түсті жапырақтар).<br>**Ойын барысы:** 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды санауға үйету. Заттардың санын анықтау. «Біреу және көп» ұғымын қайталау.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі заттарды санайды, санын айтады. | **таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Қоғамдық орында мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі балабақша тобындағы міндеттері туралы түсінікті кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Жақсы-жаман»<br>**Шарты:** педагог балаларға допты лақтырып, «өтірік айту», «көмектесу» т.с.с сөздер айтады. Балалар **«жақсы»** немесе **«жаман»** деп баға беріп, допты педагогке қайтарады<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**<br>**Міндеттері:**Туыстық қарым-қатынасты (бауыр, немере, шөбере, ағайын, туысқан, жеті ата) білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелр, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау | тобын біріктіретінін түсіндіру.<br>**ДО.** «Біреу-көп»<br>**Ойынның мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын қайталау.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.<br><br>**3.Құрастыру.**<br>**Міндеттері:** Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп шығармашылықпен құрастыруға баулу. құрастырылған құрлысы мен құрлыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.<br>**Суретпен жұмыс.** «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»-деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады.<br>-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?<br>-Өзің қандай көлікті ұнатасың?<br>**Д.О.** «Төртіншісі артық» Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар аталған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.<br>**Д.О.** «Тәтті тоқаш»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Затты тең бөле білуге үйрету. Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Бірнеше тоқаштарды теңдей қылып қонжықтарға бөліп беру.<br>**Еркін ойын:** «Кім бірінші атайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, пішінін, түсін айтады.<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым<br>бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>**«Ермексаз әлемі»**<br>Ермексаздан 1 санын жасауға кіріседі.<br>**Санау әні.** (Үнтаспа. Балалар бірге айтады). | туысқан, жеті ата) білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелр, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасындағы өзара сыйластық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым...(тату)<br>-Менің отбасым...(көңілді)<br>-Менің отбасым....<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Еркін ойын:** «Менің отбасым» сурет салу.<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар отбасы мүшелерінің суретін салады.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мына саусақ- атам,<br>Мына саусақ- әжем.<br>Мына саусақ -әкем,<br>Мына саусақ - анам.<br>Мына саусақ - мен,<br>Бәріміз бір - жанұя.<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге | **Санау әні.** (Үнтаспа. Балалар бірге айтады).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қойылған сұрақтарға нақты, әрі тез жауап беруге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>-Кітаптар тұрағы қалай аталады? (кітапхана).<br>-Кітаптармен жұмыс істейтін маман қалай аталады? (кітапханашы).<br>-Кітапханаға үнемі барып, кітап оқитын адам қалай аталады? (оқырман).<br>-Балаларға арналған қандай кітаптарды, журналдарды білесіңдер? (Балдырған журналы. Ертегі кітаптар. т.б.).<br>**Д.О.** «Телефон»<br>**Ойын брысы:** Екі бала ойыншық телефон тұтқасымен бір-бірімен сөйлеседі. Мысалы:<br>-Сәлеметсің бе, Айнұр?<br>-Сәлеметсің бе, Аружан?<br>-Ертең мен анаммен кітап дүкеніне барамын.<br>-Сен де бізбен барасың ба?<br>-Анам рұқсат берсе, барамын... (ойын осылай жалғасады).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып | сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың.<br>-Ал балалар, сендер үйлеріңде бір-бірлеріңе қандай жақсы сөздер айтасыңдар?<br>-Қайырлы таң, әкешім, анашым!<br>-Қайырлы күн, асыл әжем, аташым!<br>-Сендерді үйде қалай еркелетеді?<br>-Мені үйдегілер «құлыншағым», «қошақаным» т.б. деп еркелетеді.<br>-Бір үйде қандай адамдар тұрады?<br>-Бір үйде бір-біріне ең жақын адамдар тұрады. Олар: ата, әже, ана, әке және балалары.<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар осы адамдар отбасын құрайды. Сендер де отбасыларыңның бір мүшесісіңдер.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ән айту:** Музыкалық | көлік түрлерінің артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді.<br>-Камаз, Тайота, Жигули, Мерседес.<br>-Камаз артық. Өйткені ол-жүк тиейтін машина. Жигули, Тайота, Мерседес-жеңіл көліктер.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(автобус).<br>Күндіз-түні күрсінеді,<br>Жүрген жері сілкінеді.<br>(пойыз).<br>Тырылдап көкте инелік,<br>Инелік емес, үй делік.<br>(тікұшақ).<br>Қазша қанатын жаяды,<br>Үйрекше мойнын созады.<br>Құсша қонады<br>(ұшақ).<br>Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br>(қайық).<br>**Д.О.** «Суретті жина»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреті салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік түрін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балаларды кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**Мектепішілік кітапханаға саяхат.**<br>«Кітап-сарқылмас рухани қазына»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты құрметтей білуге, ұқыпты ұстауға баулу.<br>**«Кітап деген не?»** деген сұраққа балалар өз жауаптарын айтады.<br>**Жұмбақ шешейік.**<br>Қабат-қабат қаттама,<br>Ақылың болса аттама.<br>(кітап).<br>**Кітап**-ең жақын дос. Кітап жақсылыққа үйретеді, жамандықтан жирендіреді. Кітаптың бір бетін ашқан сайын сөйлейді. Оның әрбір беті тұнып тұрған ақыл. Кітаптан естімегенді білесің, көрмегенді көресің. Кітап ақылшы, серік дос. Кітапты оқып біліп қана қоймай, басқаға да сол кітаптың жақсылығын үйрете білсең, сен шын достықты өтегенің. Кітап-адамзаттың асыл қазынасы, сарқылмас білім бұлағы.<br>**Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар | дағдыландыру. Қойылған сұрақтарға нақты, әрі тез жауап беруге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>-Өз отбасында кімдермен бірге тұрасың?<br>-Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеу керек?<br>-Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады?<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Ән айту:** «Кап-кап, Тук-тук» Балаларға арналған ән. (үнтаспа) | жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып әртүрлі қарқында секіргішпен аттап жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Шарты:** Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады.<br>Бұл – **қарлығаштардың үйі.** Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»-деген сөзден кейін балалар үйлеріне (шеңберге) кіреді. | сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Ән айту:** «Үш көңіл күй» Т.Левкодимова.<br>-Балалар музыкада түрлі көңіл күй болды. Қалай ойлайсыңдар, олар қандай музыка болуы мүмкін?<br>«Мұңды» әуеніне қарай қалай орындалады? (мәнерлі, асықпай).<br>«Баяу»-баяу шырқап.<br>«Көңілді»-шапшаң, көтеріңкі, көңілді.<br>**Ән айту:** «Балдырғандар» Ш.Қалдаяқов.<br>«Той жыры» Ә.Бейсеуов.<br>-Бұл әнде не туралы айтылады?<br>- Ән қалай орындалады?<br>-Ән неге «Балдырғандар әні»-деп аталаы?<br>-Елін сүйген, ержүрек, құрметтеуге тұрарлық адам болып өсу үшін не істеу керек?<br>-«Той жыры» әнінде не туралы айтылады? | құрастырады.<br>**Д.О.** «Толықтыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы түсік беру, олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. сөздік қорларын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырып айтады.<br>Мысалы:<br>Егер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус.<br>Егер сумен жүрсе-бұл...(су) көлігі. Олар: кеме, қайық, теплоход.<br>**Құрастыру.**<br>Конструктортормен жұмыс.<br>«Жүк машиналары»<br>**Мақсаты:** Балаларды көлік түрлерімен таныстыру.Олардың түрлеріне қарай құрастыру ерекшеліктерін меңгерту. Үлгі бойынша құрастыруға үйрету.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>**1001-мақал.**<br>.Кітап-асыл қазына.<br>.Білім кілті-кітапта.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: заттардан бір қырымен аттап жүру; тізені жоғары көтеріп жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Негізгі кезең.**<br>.Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>.Екі-екіден тізбекте тұрып жүру, жүгіру;<br>.Төрт-төрттен тізбек құру.<br>.Тізені жоғары көтеріп жүру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. | **Әуенді қимыл-қозғалыс: «Кел билейік»**<br>Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі-көңіл күймен орындауға талпындыру. | | -Ән қалай орындалады?<br>-Осы әннен қандай әсер алдыңдар, не үйрендіңдер?<br>«Сәлеметсіз бе?», «Ассалаумағаликум!», «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы түн!», «Сау болыңыз!» деген тілектер алтын ережелердің бірі болып табылады.<br>**Әуенді қимыл-қозғалыс:**<br>«Сәлемдесу-қоштасу»<br>Қазіргі би ырғақтары. Биді еркін көңіл күйді бере билеуге талпындыру. Өздігінен би қимылдарын музыкаға сәйкес бастау, аяқтау.<br>Бір-біріне қарсы жүріп, кездескенде бас иіп сәлем беру.<br>Бір-бірінен алшақтап, артқа қарай жылжыған сәтте, қоштасып қол бұлғау. | музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>«Тыңда, орында»<br>**Шарты:** Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді. Балалар сол қимылды ретімен қайталайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұсталып қалма!»<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Педагогтың белгісімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, содан соң шеңберден сыртқа секіреді. Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. ұсталған ойыншы ойыннан шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Жаттығу жасау:**<br>«Кел билейік, балақай!»<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды. | | | | |
| **Серуенге дайындық.** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу.** | Серуен. Бақылау. №17<br>«Күз көрінісін бақылау» | Серуен. Бақылау. №18<br>«Күзгі жапырақтарды бақылау» | Серуен. Бақылау. №19<br>Жаңбырды бақылау. | Серуен. Бақылау. №20<br>«Жәндіктерді бақылау» | Серуен. Бақылау. №4<br>«Ауа-райының салқындығын бақылау» |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті.** | Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әртүрлі балалар іс-әрекеті ойын түрінде жүзеге асыру. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | **Амангелді Дәулеткелді**<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.**<br>Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Д.О.** «Математикалық пазлдар»<br>**Ойынның мақсаты:** | **Амангелді Дәулеткелді**<br>**1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Баланың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Д.О.** «Жақсы жаман» | **Амангелді Дәулеткелді**<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.**<br>Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.<br>**2.Математика негіздері.**<br>Санауға үйрету. Заттардың санын анықтау. | **Амангелді Дәулеткелді**<br>**1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз **б-п, г-ғ, к-қ, ж-** | **Амангелді Дәулеткелді**<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.**<br>Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Д.О.** «Математикалық боямақ»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.<br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Кітаптар қарау. | **Ойынның мақсаты:** Жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі ажыратады, әңгімелейді.<br>**3.Қазақ тілі.**<br>«Менің отбасым»<br>Өз отбасы мүшелері туралы айту. Сурет бойынша әңгімелеу. | | **ш, з-с, н-ң, р-л** дыбыстарды дұрыс, анық айту және осы дыбыстардан басталатын сөздерді айту.<br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Д.О.** «Мен әдепті баламын»<br>**Ойынның мақсаты:** Әдептілік туралы түсінік беру, әдепті бола білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Баланың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Бөліктерден сурет құрастырады. | Баланың логикалық ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.<br>**3. Құрастыру.**<br>Конструктортормен жұмыс.<br>«Жүк машиналары» |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |

Бекітемін: 

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі.

**Мектепалды** «0» А сыныбы.

**Балалардың жастары:** 5 жас.

**Жоспарлау күні:** 18.09.-22.09. 2023-2024 оқу жылы.

| **Күн тәртібі.** | **Дүйсенбі 04.09.** | **Сейсенбі 05.09.** | **Сәрсенбі 06.09.** | **Бейсенбі 07.09.** | **Жұма 08.09.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу.** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. | **Шығармашылық үзіліс.**<br>Сурет салу оңай ма?<br>Жұртқа өнерің ұнай ма?<br>Мұның бәрі түк емес,<br>Талаптыға алайда.<br>**Сурет салу.** «Күзгі жаңбыр» | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. | **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | №1 Таңғы жаттығу кешені. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық жел, жаңбыр, бұлтты). | **Шаттық шеңбері.**<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Арайланып таң атты,<br>Алтын шапақ таратты,<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Жер бетінде тыныштық<br>Болған әрбір күн ыстық!<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Аман Отан – панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң, балалар! | **Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады. | **Шаттық шеңбері:**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді)<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық. | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әрбір сөздің | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөздерді | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөздерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет.** | мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Д.О.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Шарты:** Суретке қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.<br>**Мысалы:** жануарлар, ыдыстар, ойыншықтар, оқу-құралдары, жәндіктер, киімдер, жемістер, көкөністер.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Д.О.** «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше ойыншықтарды бөлменің әр жеріне | дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз **б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Д.О.** «Ертегілер еліне саяхат»<br>**«Тынымсыз Тіл»** (ертегі).<br>-Ауыз деген қуыста Тынымсыз Тіл өмір сүріпті. Ол аппақ тістерді қатарластырып қойып, өзіне дуал, ал екі еріннен ашылып-жабылып тұратын есік жасап алыпты. Ауыз арқылы дыбыстар жиі-жиі сыртқа шығып тұрады екен. Кейбір дауысы бар дыбыстар ылғи көңілді ән салып жүреді. Осы дыбыстар өткенде Тынымсыз Тіл тып-тыныш ән тыңдап жатады екен. **Мысалы:** ааа, ооо, еее, әәә (балалар бірге айтады).<br>Ал кейбір дыбыстар ән салуды ұнатпайтын болыпты. Олардың дауысы жоқ екен. Ән салмай тып-тыныш өтіп бара жатқан дыбыстарға ренжеген Тынымсыз Тіл оларға ылғи кедергі жасауға тырысады. Дауысы жоқ дыбыстарды сыртқа жібермеу үшін біресе таңдайға жабысып тұрып алады, біресе тіске тақалып алады, кейде | дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Д.О.** «Қуыршақтардың есімі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді.<br>-Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге **«Анар»** деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: **а-а-а-а.**<br>-Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>-А дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді?<br>-А дыбысы қандай дыбыс екен?<br>Мұғалім келесі қуыршақты балаларға көрсетеді.<br>-Бұл қуыршақтың аты-**«Мұрат»**<br>Мұғалім балаларға көмектесе отырып «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аударып, қандай дыбыс екенін ажыратады.<br>**Ойлан, тап.**<br>Күлімдеген көзіңнен,<br>Күн мейірімі сезілген.<br>Бұл жалғанда балаға,<br>Жақын жан жоқ өзіңнен.<br>-Өлеңді тыңда. | дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз **б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Д.О.** «Дыбысты дұрыс айта біл»<br>**Ойынның мақсаты:** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>**б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л**<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Бұзау:<br>Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла.<br>Даусын оның қайтала:<br>Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.** | дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар **қызыл** дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе **көк** дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратады, хатқалтаға ажыратып салады.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:**<br>**Міндеттері:** Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын біріктіретінін түсіндіру.<br>**ДО.** «Біреу-көп»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл қай кезде болады?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз екенін қайдан білдіңдер?<br>-Күздегі адамдар еңбегінен нені білесіңдер?<br>-Күзде қандай жемістер мен көкөністер піседі?<br>-Жемістер мен көкөністерді атаңдар?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>**ДО.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше ертегілер бейнеленген суреттер ілінеді. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңа ертегімен таныстыру. Балаларды бір-бірін сыйлауға, өзара тату болуға, қолындағы барын бөлісіп жеуге, әділдікке баулу. Жемістерді күтіп-баптауға, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**«Алма»** ертегісін оқу.<br>-Жылдың қай мезгілі еді?<br>-Жабайы алма қайда қалды?<br>-Алманы кім көрді? | **Ойынның мақсаты:** Балаларды жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі ажыратады, әңгімелейді.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>-Жақсы іс-деген не?<br>-«Жаман»-дегенде ойларыңа не түседі?<br>**Адамгершілік қасиет**-әр уақытта жақсылық жасау. Мейірімді, қайырымды адам қай кезде де жақсылық жасауға дайын тұрады. Жақсы адамды айналасындағылар жақсы көреді, сыйлайды. Оның достары көп болады.<br>.Жақсы болу өзіңнен.<br>Жаман болу өзіңнен.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>Жамандық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>-Жақсы адам болу үшін не істеу керек?<br>-Адамдар неліктен «жамандықтан» қашады?<br>**Еркін ойын:**<br>«Кел ойнайық»<br>**Ойын барысы:** Өтірік айту жаман қасиет дегенде қол соғайық. Жақсы адам болғыларың келсе орнымыздан тұрайық. | **3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**«Тапқыр болсаң шешіп көр»**<br>Қабат-қабат қатталған,<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Парағы бар сөйлейтін,<br>Ол қазына өлмейтін.<br>(кітап).<br>Ұсынған қойнынан,<br>Білімнің үлесін.<br>Шықпайды ойыңнан,<br>Досың ғой білесің.<br>(кітап).<br>**«Ертегілер елінде»**<br>Алғашқы кітап жұмсақ балшықтан жасалды. Жұмсақ балшыққа үшкір нәрсемен жазып, оны кептіріп, содан соң күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған. Бамбук деп аталатын өсімдіктен таяқшалар әзірленіп те жазған. Ежелгі Египетте кітапты тасқа қашап жазған. Кейіннен жануарлардың терісінен пергамент деп аталатын материалға жазған. Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз он сегізінші ғасырда пайда болған. Кітаптың шығу тарихы мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа тастаған.<br>**Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген | Әлде шофер болармын.<br>Әлде, әлде білсеңдер,<br>Жалғыз ғана талабым:<br>Ер жеткенде, ел сенер,<br>Нағыз адам боламын!<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Д.О.** «Ормандағы дауыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Орманда нелер мекендейді? Ормандағы дауыстарды ажырат. Дыбыстарды ым-ишарамен бинелеп, дауыс ырғағымен айт.<br>«Түк-түк-түк!», «Ү-ү-ү!», «Қарк-карк!», «Тырау-тырау!», «Бақ-бақ-бақ!», «Барық-барк!»<br>**Д.О.** «Дыбысты дұрыс айта біл»<br>**Ойынның мақсаты:** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>**«Ж»** дыбысын буын ішінде келтіру.<br>Жа-жа-жа-жалау,<br>Жо-жо-жо-жол. | ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішіннің жоқ екенін айтады.<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Пішіндер»<br>(жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылар, үшбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу).<br>**Сергіту сәті:** «Пішіндер әні»<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қарада,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер болып зырласын.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тығып қояды.<br>Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың; солға-бұрылсаң машинаны табасың; алға жүрсең-допты табасың.<br>Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барып, нені тапқың келеді?<br>**Д.О.** «Жұлдызды аспан әлемі»<br><br>**Ойынның мақсаты:** Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Ойын барысы:** Зымыранның жолын анықта.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Өрік, алма,<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қауын, қарбыз,<br>Қияр, сәбіз<br>Дүкендерге түседі.<br>Астық пісіп,<br>Орақ түсіп,<br>Қырман дәнге толады.<br>Айтыңдаршы бөбектерім, | тіпті еріннен жасалған есігін жауып алады екен.<br>**Мысалы:** к, т, н, м.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Тынымсыз Тіл неліктен кейбір дыбыстарды ұнатып, ал кейбір дыбыстарды ұнатпайды екен?<br>-Дауысы бар әнші дыбыстарды айтыңдаршы.<br>-Даусы жоқән айтпайтын қандай дыбыстар бар?<br>**Д.О.** «Дыбысты дұрыс айта біл»<br>**Ойынның мақсаты:** дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>**б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л**<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Қоғамдық орында мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі балабақша тобындағы міндеттері туралы түсінікті кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Адамгершілік әліппесі.**<br>**Д.О.** «Жақсы жаман» | -Кім туралы айтылған?<br>-Осы сөз қандай дыбыстан басталады?<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын Бағдарлай алуын білуі.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.<br>**Мысалы:** қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б. | **Міндеттері:** Қоғамдық орында мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі балабақша тобындағы міндеттері туралы түсінікті кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Сөздік ойын:** «Әдепті сөздер шеңбері»<br>**Ойынның мақсаты:** Сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады<br>**Сөздік ойын:** «Әдептілік әдемілік»<br>**Мақсаты:** Балаларды адами қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Барысы:** «Мен әдепті баламын»<br>Саябақта.....<br>Асханада......<br>Автобуста......<br>Кітапханада......<br>Дүкенде......<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Нағыз адам боламын!<br>Бүгін титтей баламын,<br>Әлі ақ жігіт боламын.<br>Сонда мүмкім мен ғалым, | «Біреу және көп» ұғымын қайталау.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Міндеттері:**<br>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылар, үшбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге үйрету. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланған?<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Қоян Қарғаға не деді?<br>-Қарға не істеді?<br>-Кірпі нені алып кетті?<br>-Үшеуі қайда барды?<br>-Аю не деп жауап берді?<br>-Қандай мақал айтты?<br>**«Береке басы бірлікте»**<br>балалар жауап береді,<br>мақалды жатқа айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Алма баққа барайық,<br>Алма теріп алайық.<br>Ең үлкенін алманың,<br>Анамызға сыйлайық.<br>(балалар қимылмен<br>көрсетеді).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ертегілер туралы<br>білімдерін кеңейте<br>отырып, есту және сөйлеу<br>тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог<br>балаларға «Алма»<br>ертегісіндегі<br>кейіпкерлердің даусын<br>және қимыл-қозғалысын<br>салуын ұсынады.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: заттардан бір<br>қырымен аттап жүру;<br>белгі бойынша басқа<br>бағытқа бұрылып жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық**<br>**қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын<br>музыка әуенімен әсем<br>және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын<br>музыкалық сүйемелдеумен<br>үйлестіру. Түзу бағытта | Жалқаулық жаман қасиет<br>дегендерің отырайық.<br>**Еркін ойын:**<br>«Жалғастыр»<br>**«Не істеуге болмайды?»**<br>Үлкендердің алдын...(кесіп<br>өтуге).<br>Құстарды...(атуға<br>болмайды).<br>Достарыңды...(ренжетуге<br>болмайды).<br>Өтірік, жаман сөз...(айтуға<br>болмайды).<br>**«Не істеу керек?»**<br>Үлкенді...(сыйлау керек).<br>Ата ананың тілін...(алу<br>керек).<br>Ұстаздарды...(қадірлеу<br>керек).<br>Кішілерге...(қамқор болу<br>керек).<br>Тәртіпті...(бала болу<br>керек).<br>Оқу құралдарды...(ұқыпты<br>ұстау керек).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Нағыз адам боламын!<br>Бүгін титтей баламын,<br>Әлі ақ жігіт боламын.<br>Сонда мүмкім мен ғалым,<br>Әлде шофер болармын.<br>Әлде, әлде білсеңдер,<br>Жалғыз ғана талабым:<br>Ер жеткенде, ел сенер,<br>Нағыз адам боламын!<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің<br>дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және<br>артикуляциялық<br>аппаратты, тыныс алуды<br>және таза дикцияны<br>дамыту, қазақ тіліне тән<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ | қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар<br>кітап бұрышындағы<br>кітаптарды қарайды,<br>танысады, ондағы таныс<br>ертегілер мен әңгімелерді<br>айтады.<br>**1001-мақал.**<br>.Кітап-асыл қазына.<br>.Білім кілті-кітапта.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: қолдың бастапқы<br>қалыптарын өзгерте<br>отырып, әртүрлі қарқында<br>секіргіштен аттап жүру;<br>ересектің белгісімен<br>тоқтап, қозғалыс бағытын<br>өзгертіп, шашырап жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық**<br>**қимылдар:**<br>Таныс дене жаттығуларын<br>музыка әуенімен әсем<br>және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын<br>музыкалық сүйемелдеумен<br>үйлестіру. Түзу бағытта<br>адымдап жүру. Жұбымен<br>шеңбер бойымен жүру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Бір-біріне қарап<br>күлімсірейді.<br>**«Ыстық елдің**<br>**жануарлары»**<br>Қол-қол-қол-мынау<br>қолтырауын. (балалар<br>ұйықтап жатқан<br>қолтырауынды салады).<br>Мо-мот-мот бұл-бегемот.<br>(ауыздарын кең ашып,<br>бегемот сияқты жүреді). | Жу-жу-жу-жусан.<br>Жы-жы-жы-жылан.<br>Жи-жи-жи-жиек,<br>Же-же-же-жер.<br>Жә-жә-жә-жәшік.<br>**«Ш»** дыбысын дұрыс<br>естіп, ажыратуға арналған<br>жаттығулар:<br>Ша-ша-ша-шана.<br>Шу-шу-шу-шуда.<br>Шы-шы-шы-шыны.<br>Ши-ши-ши-шие.<br>Шө-шө-шө-шөп.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға<br>қызығушылық пен<br>сүйіспеншілікті<br>қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда<br>дауыспен вокалдық-есту<br>қабілетін үйлестіруді<br>жетілдіру. Ән айту<br>дағдыларын<br>қалыптастыру, бірінші<br>октаваның «ре», екінші<br>октаваның «до»<br>диапазонда жеңіл<br>дауыспен ән айту, ән<br>айтар алдында музыкалық<br>фразалар арасында тыныс<br>алу, әннің сөздерін анық<br>айту, орташа, қатты және<br>ақырын дауыспен ән<br>айту.<br>**Ән айту:** «Кап-кап, Тук-<br>тук» Балаларға арналған<br>ән. (үнтаспа)<br>**Әуенді қимыл-қозғалыс:**<br>**«Кел билейік»**<br>Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** музыка<br>ырғағына сәйкес аяқ-<br>қолмен үйлесімді қимыл<br>жасауға, әрбір би | шеңбер бойымен жүру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>«Тыңда, орында»<br>**Шарты:** Бастаушы 1-2<br>қимылды көрсетеді.<br>Балалар сол қимылды<br>ретімен қайталайды.<br>**Қимыл-қозғалыс**<br>**ойыны:** «Ұсталып<br>қалма!»<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылар еденге<br>шеңбер жасап<br>қойылған жіп<br>бойымен тұрады.<br>Шеңбер ортасында екі<br>бастаушы тұрады.<br>Педагогтың белгісімен<br>балалар алдымен екі<br>аяқтап шеңберге,<br>содан соң шеңберден<br>сыртқа секіреді.<br>Бастаушылар оларды<br>тек шеңбердің<br>ортасында ғана ұстай<br>алады. ұсталған<br>ойыншы ойыннан<br>шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (тиін).<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Тиін мен қасқыр» (балаларға ертегіні оқып беру, жаңа ертегімен таныстыру).<br>**Д.О.** «Тиін жаңғақ кеміреді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойынның барысы:** Тиін, тиіннің тіршілігі туралы айтады. Суретке қарап сұрақтарға жауап береді.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>-Тиін қайда жүр?<br>-Тиін нені көрді?<br>**Тыңда.**<br>Балалар, кейбір жануарлар қысқа азық жинайды. Мысалы: тиін ағаштың қуысын мекен етеді. Тиінге ағаштармен тез өрмелеуге аяқтары көмектеседі. Ол жаз бойы жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды ағаш қуысына жинайды. Қыста соларды қорек етеді.<br>**Еркін ойын:** «Ермексаз әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қосу, дөңестеу тәсілдерін үйрету, саусақ моторикасын жақсарту.<br>**Ойынның барысы:** Балалар ермексаздан тиінді мүсіндейді.<br>**Қимылды ойын:** | жәрдем, ауыр жүк көліктері, жеңіл такси машиналары, қар тазалайтын машиналар.<br>**Ойын шарты:** Суреттер бойынша әңгімелеу.<br>**Қортынды:**<br>-Адам қолымен тағы қандай заттар жасауға болады?<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аузы бейне шалғы орақ, Шөп емес бірақ малды орады.<br>(қасқыр).<br>-Қасқыр қандай аң?<br>-Қасқырлар қайда мекендейді?<br>-Қасқыр немен қоректенеді?<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Ақымақ қасқыр»<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау | болады?<br>-Көктемде қоянның тоны қандай болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қоян секек қағады;<br>Сәбізді іздеп табады.<br>Үйшігіне барады,<br>Аукаттанып алады.<br><br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Үркек қоян, сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым»-деп ат қоям.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Өрмелеу: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту; әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғамен өрмелеу; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Шарты:** Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады.<br>Бұл – **қарлығаштардың үйі.**<br>Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады.<br>«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»- деген сөзден кейін балалар үйлеріне (шеңберге) кіреді. | **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі кейіпкердің қайсы артық екенін табады. Ертегіні атайды.<br>**Балалардың жұмысы:** «Менің сүйікті ертегім» Сурет салу.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыкалық сәлемдесу.**<br>Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау. «Сә-ле-мет- | ішіне еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғамен крмелеу; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеп.<br>**Қимылды ойын:** «Жүгір-отыр-жүгір!»<br>**Ойынның мақсаты:** Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог: «Жүгір!»-балалар аланда жүгіреді. «Отыр!»-балалар отырады. Жылдамдықты, бұйрықты тез орындау. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастру.<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ормандағы жануарлар»<br>**Ойын барысы:** Балалар бірге айтады, аңдардың қимылын жасайды.<br><br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз,<br>Теңселе басып жүреміз.<br><br>Алдымызда талдардан,<br>Жылтыңдаған қу түлкі.<br>Біз түлкіні алдаймыз,<br>Жүгіріп басып қалмаймыз.<br><br>Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді, қимылын көрсетеді.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Еңбектеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр);<br>**Қимылды ойын:**<br>«Толқиды теңіз»<br>**Ойын барысы:** Педагог даусын сәл көтере сөйлейді:<br>Толқиды теңіз бір!<br>Толқиды теңіз екі!<br>Толқиды теңіз үш! | қабілеттерін дамыту.<br>Ертегінің мазмұнын басты кейіпкердің мінез құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу.<br>**Бірге айтамыз.**<br>Қасқыр орманда жортады,<br>Аяздан ол қорқады.<br>Аспанға қарап ұлиды,<br>Ауылда малды ториды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барайық,<br>Жан-жағымызға қарайық.<br>Аю келді қорбаңдап,<br>Қасқыр келді ырылдап.<br>Түлкі шықты майысып,<br>Қоян шықты секіріп.<br>Қорықпаңдар балалар,<br>Қарап-қарап алыңдар.<br>**Қортынды.**<br>-Қандай ертегі тыңдадыңдар?<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. | | сіз бе?» сөзін буынға бөліп әндету.<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын»<br>Музыкасын жазған: М.Омаров.<br>Сөзі: Г.Жотаева.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Қазіргі би ырғағы»<br>**Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету:<br>Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (балалар теңіздегі толқынды бейнелейді) Теңіз толқыны тоқта! Осы кезде әуен тоқтатылып, **«толқындар»** орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады. **Қимылды ойын:** «Лақтыр да, қағып ал» **Ойын барысы:** Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді. | **Билер:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. **Музыкалық сәлемдесу.** Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау. «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөліп әндету. **Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» Музыкасын жазған: М.Омаров. Сөзі: Г.Жотаева. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Қазіргі би ырғағы» **Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №9. Аспанды бақылау. | №26. Шөптерді бақылау. | №27. Тал, ағаштарды бақылау. | №16. Құстарды бақылау. | №24. Таяудағы көшені бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | Амангелді Дәулеткелді **1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.** Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр. | Амангелді Дәулеткелді **1.Математика негіздері.** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету, өз бетінше тапсырмаларды орындауға баулу, заттарды санайды, санын айтады. | Амангелді Дәулеткелді **1.Сөйлеуді дамыту.** Артикуляциялық жаттығулар жасау. | Амангелді Дәулеткелді **1.Көркем әдебиет.** Сурет бойынша таныс ертегілерді атау, ертегі кейіпкерлерінің жағымды және жағымсыз мінез-құлқын ажырату. | Амангелді Дәулеткуелді . **1.Мүсіндеу.** **Шығармашылық үзіліс:** Ермексаздан қалауынша түрлі ойыншықтарды мүсіндеу. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |